

# أَسْمَاءُ اللَّهِ الْحُسْنَى

## بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

(وَلِلَّهِ الْأَسْمَاءُ الْحُسْنَى فَادْعُوهُ بِهَا)

«Ең жақсы атаулар Аллаға Т тән. Оған сол аттармен жалбарыныңдар»

(Ағраф сүресі, 180-аят)

«Алланың Т тоқсан тоғыз есімі бар. Кім оларды жаттап алса жәннатқа кіреді»

(Тирмизи, Әбу Дәуід)

«Алланың Т тоқсан тоғыз есімі бар. Жүз бірсіз, кім оларды зікір етіп жүрсе жәннатқа кіреді»

(Әл Бухари, Муслим)

1. **اللَّهُ** Т *Аллаһ* – Оның (Аллаһ тағаланың) бар екендігі және Оның иләһи сипаттарын білдіретін есім. Раббымыздың ең ұлық есімі. Кім Жаратушының осы әдемі есімін күніне 1000 рет қайталап зікір етсе, иманы берік болады.
2. **الرَّحْمَنُ** Т *Ар-Рахману* – Аса қамқор. Оның қамқорлығы Өзі жаратқан бүкіл мақұлықтарына тиесілі. Қамқоршы Аллаһ тағала мүмин-мұсылмандардың, сондай-ақ кәпірлердің өмірлік қажеттерін өтейді. Алланың бұл есімін зікір еткен адамның ойлау және жаттау қабілеті күшейеді. Сондай-ақ ол адам қаталдықтан арылады.
3. **الرَّحِيمُ** Т *Ар-Рахиму* – Ерекше мейірімді, Рахымды. Бір жақсы іс үшін бірнеше есе берген және ешқашан сауап істерді жоймайды. О дүниеде тақуа мұсылмандарға мейірімді болады. Кімде-кім бұл есімді 100 рет атап жүрсе қайғы-қасіреттен аман болады.
4. **الْمَلِكُ** Т *Әл-Мәлику* – Патша, Ол Т қалай басқарам десе де Өзі біледі. Оған кеңесші керек емес. Оған барлығы тәуелді. Мұсылман адам бұл есімді зікір етіп жүрсе, ақшадан қысылмайды.
5. **الْقُدُّوسُ** Т *Әл-Қуддусу* – Қасиетті, Өте пәк, кемшіліктерден пәк және адам баласының ойына келетін пішін келбеттен тыс.
6. **السَّلَامُ** Т *Ас-Сәламу* – Есендік беруші. Жетіспеушіліктерден пәк. Өзінің жаратқан мақұлықтарына амандық береді. Егер бұл есімді 99 рет оқып, науқасты ұшықтаса шипа табады.
7. **الْمُؤْمِنُ** Т *Әл-Мумину* – Қорғаушы, Сенуші. Өзі туралы ұлық кітаптар мен пайғамбарлар арқылы білдіртеді. Өзінің сүйікті құлдарын қауіп-қатерден сақтайды.
8. **الْمُهَيَّمِنُ** Т *Әл-Мухаймину* – Үстем, Қорғаушы. Баршаның үстінде билік жүргізеді және бәрі де Оның иелігінде. Жаратқан мақұлығының үстінен қарап, бақылап тұрады. Кімде-кім бұл керемет есімді ғұсыл алғаннан кейін екі рәкағат намаз оқып, 100 мәрте шынайы ықыласпен айтса Аллаһ тағала оны рухани тазартады.
9. **الْعَزِيزُ** Т *Әл-Азизу* – Аса зор, Ұлық, Қуатты, зор кеңшілік Иесі. Онымен ешкім теңесе алмайды. Кімде-кім Алланың бұл көркем есімін таң намазынан кейін 40 рет қайталап оқыса Аллаһ тағала оны қаржы мәселесінде басқалардан тәуелсіз етеді.
10. **الْجَبَّارُ** Т *Әл-Жәббару* – Аса өктем. Билік пен қуат Иесі. Нені қаласа соны кімге де болсын істете алады.

11. **الْمُتَكَبِّرُ** Т *Әл-Мутакаббиду* – Паң, ұлылық және биіктік Иесі. Кім бұл көркем есімді зікір етіп жүрсе халық арасында құрметті болады.

12. **الْخَالِقُ** Т *Әл-Халиқу* – Жаратушы. Мақұлықтарын Өз еркімен жаратады. Ол Т әр нәрсені көркем түрде жаратады.

13. **الْبَارِيءُ** Т *Әл-Барииу* – Жаратушы, жоқтан бар етуші. Жаратқан мақұлықтарына әр түрлі пішін және бейне береді. Аллаһ әрдайым жаратуда. Егер бала таба алмаған әйел 7 күн ораза ұстап, «*Әл-Барииу, Әл-Халиқу, Әл-Мусаууиру*» деп 21 рет айтып суға дем салып ауызды сол сумен ашып, шынайы ықыласпен жалғыз Аллаһ тағалаға дұға етсе, иншааллаһ оған Жаратушы бір нәресте береді.

14. **الْمُصَوِّرُ** Т *Әл-Мусаууиру* – Келбет беруші. Өзінің қалауымен әрбір жаратқан нәрсесіне өзгеше келбет және әр түрлі пішін береді. Миллиардтаған келбет жаратқан Аллаһ тағалаға ешкім теңесе алмайды.

15. **الْعَقَّارُ** Т *Әл-Ғаффару* – Аса жарылқаушы. Күнә және жаман істерді кешіруші. Бұл дүниеде құлдарының жамандықтарын жасырып, қияметте күнәларын кешіріп, жарылқайды. Кім осы әдемі есімді жұма намаздан кейін 100 рет қайталаса оған Аллаһ тағала ғафу етеді. Ал кім екінті намазынан кейін «*Иә Ғаффару ғфирли*» деп айтып жүрсе, Аллаһ тағала оны кешірім еткен құлдардың қатарына қосады.

16. **الْقَهَّارُ** Т *Әл-Қаһһару* - Өте үстем, Қаһарлы. Өзіне қарсыларды қатты азаппен қорлайды, өлтіреді не болмаса көпшіліктің алдында беделін түсіреді. Оның жазасынан ешкім аман қалмайды. Дүние сәнін жақсы көретін пенде Алланың бұл есімін қайталап Оған мойынсұнып жүрсе Аллаһ тағала ол адамның иманын күшейтеді.

17. **الْوَهَّابُ** Т *Әл-Уаһһабу* - Өте жомарт, Береген. Адамдарды Өз нығметтерімен ризықтандырады. Берем деген нәрсесін береді. Кімде-кім дұғада бұл есіммен Аллаға жалбарынса, ол ешқашан қайыршы болмайды.

18. **الرِّزَّاقُ** Т *Ар-Раззақу* – Ризық, тамақ беруші. Алуан түрлі ризықтарды жаратады және сол ризықтарымен мақұлықтарын ризықтандырады.

19. **الْفَتَّاحُ** Т *Әл-Фәттаху* – Жақсылық жасаушы. Асқан мейірімінен құлдарына төгіп беріп, жақсылық істейді. Шындықты әшкерелеп, өтірікті өрге асырмайды. Кімде-кім өзінің оң қолын кеудесіне қойып Аллаһ тағаланың бұл әдемі атын таң намазынан кейін 70 рет қайталаса жүрегі нұрланады, көңілі шаттанып жәй табады.

20. **الْعَلِيمُ** Т *Әл-Алиму* – Бәрін білуші, Терең білім иесі. Ол Т әр нәрсені толық біледі және де Ол Т білмейтін ешнәрсе жоқ. Аллаһ тағала – білушілердің білушісі. Аллаһ тағала ғайыпты да, көмескіні де біледі. Кім бұл есімді атап, зікір етіп жүрсе Аллаһ тағала оған білім мен даналықтың есіктерін ашады.

21. **الْقَابِضُ** Т *Әл-Қабиду* – Қысып алушы. Кімге қаласа ризығын береді, қаласа бермейді. Кім бұл есімді қайталап айтып жүрсе аш-зарыққан болмас.

22. **الْبَاسِطُ** Т *Әл-Басиу* – Жаюшы. Өз ризық нығметтерін қалаған құлдарына береді.

23. **الْخَافِضُ** Т *Әл-Хәфиду* – Түсіруші. Аллаһ тағала кәпірлерді тозақтың түбіне түсіреді және кәпірлерге қайғы, мұң-зар мен азап береді. Кім Аллаһ тағаланың бұл ғажайып есімін 500 мәрте зікір етсе Хақ Тағала оның дұғасына жауап береді.

24. **الرَّافِعُ** Т *Әр-Рафиу* – Көтеруші, Биіктетуші. Өзіне жақын құлдардың беделін бұл дүниеде де, ахиретте де көтереді.

25. **الْمُعِزُّ** Т *Әл-Муиззу* –Қуат беруші. Өзінің мүмин құлдарына мықты қуат береді. Олардың мойынсұнғандары үшін күнәларын кешіріп, жәннатта құрметті орын береді.

26. **الْمُذِلُّ** Т *Әл-Музиллу* – Кемсітуші. Кәпірлерді мойынсұнбағандықтары үшін кемсітеді, оларға «*азап үйін*» - тозақты дайындайды.

27. **السَّمِيعُ** **T** *Ac-Camiu* - Әр нәрсені Есітуші. Әр естілетін дыбыс ғайып айтылса да Оның есітуінен тыс қалмайды. Ол T құпияның бәрін біледі. Оның ести алмайтын нәрсесі жоқ. Ол T барлық сыбыс, дыбысты естиді.
28. **البَصِيرُ** **T** *Әл-Басиру* – Көруші. Ол T бәрін Көреген. Адам және басқа мақлұқтар көрмейтінін бәрін көреді. Оған көрінбейтін зат жоқ. Ол T ғайыпты да көреді.
29. **الحَكَمُ** **T** *Әл-Хакаму* – Хәкім. Қазы, Төреші. Соттың үкімі Оның құзырында. Оның үкімі кесімді. Оны ешкім сынамайды және Алланың үкімдерін кемсітіп, жамандауға ешкімнің хақысы жоқ. Кім дәрет алып, осы есімді күніне 99 рет зікір етсе Аллаһ тағала оның жүрегін нұрландырады.
30. **العَدْلُ** **T** *Әл-Ғадлу* - Әділ, Адал. Ол T кімге болмасын, ешбір әділетсіздік жасамайды. Ол T өз шешімдерінде әділ.
31. **اللطيفُ** **T** *Әл-Ләтифу* – Жұмсақ, зор кеңшілік Иесі. Өзінің құлдарына өте ілтипатты. Өз құлдарының істерін толық біледі және адамдардың мінездеріне жұмсақтық салады.
32. **الخَبِيرُ** **T** *Әл-Хабиру* – Толық хабар алушы. Барлық істер оның қалауымен жасалады. Ол T ешқашан хабарсыз қалмайды. Жаратушының бұл көркем есімін қайталаған адамды Аллаһ тағала қанағатты етеді.
33. **الحَلِيمُ** **T** *Әл-Халиму* – Ерекше Мейірімді, Өте Жұмсақ. Азабын тездетпейді, бірақ малғұн шайтанға еріп, күнәлі іс жасағандарға азабы жақын.
34. **العَظِيمُ** **T** *Әл-Ғазиму* – Аса зор, кеңшілік Иесі, Мәртебелі, Ең Ұлы. Оның мәртебесінің басы да, соңы да жоқ.
35. **الغفورُ** **T** *Әл-Ғафуру* – Кешіруші, күнәларды кешуші. Кешірім сұраушыларды күнәлары үшін қолға алмайды, жаман істерін жақсы амалдарға ауыстырады.
36. **الشَّكُورُ** **T** *Әш-Шәкуру* – Шүкірді қадірлеуші. Адамдарға шүкірлік айтқаны үшін мәрхамет етеді. Құлдарына көркем істері үшін ізгілік етеді.
37. **العَلِيُّ** **T** *Әл-Ғалиу* - Өте биік, Жоғары, Мәртебелі. Адамдардың сезім, сана және басқа қабілетіне келетін бейнелерден тыс, одан жоғары. Ол T әр уақытта биіктікте.
38. **الكَبِيرُ** **T** *Әл-Кабиду* – Ұлық, Ең Ұлы, Абырой және мәрхамет иесі. Адамдардың ойлау, көру және сезу мүшелерінен тыс.
39. **الحَفِيظُ** **T** *Әл-Хафизу* – Қорғаушы. Сүйікті құлдарын жамандық пен кесірден сақтайды. Өз құлдарының сауап істерін қиямет күні мәрхамет ету үшін жазып, сақтайды. Аллаһ тағала әлсіздердің жәрдемшісі.
40. **المُقِيتُ** **T** *Әл-Муқиту* – Азық беруші. Азықты жаратып мақұлықтарына таратып береді. Даналықты және білімді жүректерге жеткізеді.
41. **الحَسِيبُ** **T** *Әл-Хасибу* – Есеп беруші, Жеткізуші. Өз құлдарының қажеттерін өтейді. Олардың бұл дүниеде жасаған амалдарына қиямет күні есеп береді.
42. **الْجَلِيلُ** **T** *Әл-Жәлилу* – Биік, Үлкен, Өз ұлығында өте биік. Қадір-қасиетінде аса Ұлы.
43. **الكَرِيمُ** **T** *Әл-Кариму* – Құрметті, Мәрхамет иесі, ізгілік істеуші. Оның рахымында шек жоқ. Ізгілігі ешқашан таусылмас. Уәде берсе, толығымен орындайды.
44. **الرَّقِيبُ** **T** *Әр-Рақибу* – Қараушы, Бақылаушы. Ол T әр нәрсені көріп, біліп тұрады. Ешнәрсе оның алдынан өтпей кетпейді.
45. **المُجِيبُ** **T** *Әл-Мужибу* – Жауап беруші. Оған дұға етіп жалбарынған құлдарына жауап береді. Ол T жауап қайтаруда. Ол T адам баласы үшін не нәрсе пайда беретінін біледі.

«*Иә Мужибу дағуати тәммәти*» деп дұға етілсе, Жауап беруші Хақ тағаланың жауап беруі сөзсіз.

46. **الْوَاسِعُ** **Т** *Әл-Уасиғу* – Қоршап алушы, толтырып салушы. Ол Т Өз құлдарын ризықтармен бөлейді. Мәрхаметін тақуа құлдарына төгіп, байытады.

47. **الْحَكِيمُ** **Т** *Әл-Хақиму* – Даналық Иесі, қате жасаудан пәк. Қате жасау Оның даңқына келмейді. Ол әр нәрсені өз орнына қояды.

48. **الْوَدُودُ** **Т** *Әл-Уадуду* – Ізгілік істеуші, Сүюші. Мақұлықтарын жақсы көреді. Сөйтіп, Ол Т мәрхаметі, мейірімі және ризықтары арқылы Өзі туралы білдірттеді.

49. **الْمَجِيدُ** **Т** *Әл-Мәжиду* – Даңқты, Құрметті. Өз істерінде Көркем. Ол Т дүниені ризықтарымен толтырады.

50. **الْبَاعِثُ** **Т** *Әл-Бағису* – Тірілтуші, Жіберуші, Қайта өмір беруші. Өлілерді есеп беру үшін тірілтеді. Өз елшілерін (пайғамбарларын) адамдарға жібереді.

51. **الشَّهِيدُ** **Т** *Әш-Шахиду* – Куә. Ол Т анығын да, белгісізін де біледі және соған Куә. Аллаһ тағала Өзінің Иләһи сипаттарыменен жалғыз Құдай Т екенін білдіртеді.

52. **الْحَقُّ** **Т** *Әл-Хаққу* – Шындық иесі. Хақ Тағала әрбір нәрсені өз даналығымен жаратты. Қабірдегілерге есеп беру үшін және жәннат немесе тозаққа жіберу үшін тірілтеді.

53. **الْوَكِيلُ** **Т** *Әл-Уакилу* – Басқарушы. Өкіл иесі Аллаһ тағала барлығын басқарады. Құлдары Оған тәуекел етіп, тәубе келтіреді.

54. **الْقَوِيُّ** **Т** *Әл-Қауийу* – Қуатты, Мықты, Құдіретті. Оның шамасы әр нәрсеге жетеді.

55. **الْمَتِينُ** **Т** *Әл-Мәтину* – Мықты, Тұрақты, Құдіретті. Оның күшіне ешкімнің қуаты жетпейді. Ол Т ешқашан әлсіз немесе шамасыз бола алмайды.

56. **الْوَاسِعُ** **Т** *Әл-Уасиғу* – Қорғаушы. Ол тақуаларды (әулиелерді) жақсы көреді және оларға мықты қуат береді. Кәпірлердің беделін бұл дүниеде де, о дүниеде де түсіреді.

57. **الْحَمِيدُ** **Т** *Әл-Хамиду* – Пәктеулі, Дәріптеулі, Мақтаулы. Мадақ Иесі. Аллаһ тағаланы кәпірлер мен екіжүзділерден басқасының бәрі мадақтайды.

58. **الْمُحْصِي** **Т** *Әл-Мухсий* – Санаушы. Ол бәрін санайды. Оған ешкім санауға бөгет жасай алмайды. Ол бір нәрсеге көңіл бөліп басқаны назарынан тыс қалдырушы емес.

59. **الْمُبْدِي** **Т** *Әл-Мубдиу* – Бастаушы. Ол Т қандай-да бір жаратылысты жаратар алдында ешбір бейне, мысалсыз жаратты.

60. **الْمُعِيدُ** **Т** *Әл-Муғиду* – Қайтарушы. Ол Т тірілерді өлілерге айналдырады және оларды қайтадан бастапқы қалпына келтіреді. Егер мал, мүлік немесе адам жоғалса Аллаһ тағаланың осы көркем есімін 70 рет қайталап дұға етсе, жоғалған нәрсе Аллаһ тағаланың қалауымен қайта оралады.

61. **الْمُخِي** **Т** *Әл-Мухий* – Тірілтуші. Ол денелерге жан салып тірілтеді. Егер біреу бұл есіммен Аллаһ тағалаға жалбарынса шипа табады.

62. **الْمُمِيتُ** **Т** *Әл-Мумиту* – Өлтіруші. Денелерден жан алып өлтіреді. Ахиреттің қайғы-мұнның дәмін татпау үшін Аллаһ тағаланың осы атын көбірек қайталап, зікір етіп жүру керек.

63. **الْحَيُّ** **Т** *Әл-Хайю* – Тірі. Ол Т мәңгі өмір сүреді, мәңгі болды және мәңгі болады. Оның тірі болуының басы да, соңы да жоқ.

64. **الْقَيُّومُ** **Т** *Әл-Қаююму* – Бәрінің үстінде тұрушы. Әрбір заттың үстінен қарайласып оған Қамқоршы болып тұрады. Әр нәрсе тек Аллаһ тағаланың қалауымен тұрады. Өздігінен мықты тұрушы.

65. **الْوَاجِدُ** T *Әл-Уәжиду* – Бай, Табушы. Нені тапқысы келсе, сәтінде-ақ табады, өйткені бүкіл жаратылыс оның құзырында. Ол Т ештеңені жоғалтушы емес.
66. **الْمَاجِدُ** T *Әл-Мәжиду* – Құрметті, Сыйлы. Ол Т жақсы қасиеттерді иемденеді. Құрмет пен сый оған тән.
67. **الْوَاحِدُ** T *Әл-Уахиду* – Жалғыз. Барлық Құдайлық сипаттар Оған тән. Одан басқа Құдай жоқ. Аллаһ тағала расында жалғыз, сондықтан Аллаға ғибадат етіледі.
68. **الصَّمَدُ** T *Ас-Самәду* – Мұңсыз. Адамдардың қажеттерін өтеп беруші Аллаһ тағала, сол үшін құлдары Оған бұл көркем атымен жалбарынады. Ол Т – аса Құдіретті, Қуатты.
69. **الْقَادِرُ** T *Әл-Қадиру* – Мықты, Қадірлі. Оны Т мақұлықтар қадірлейді. Оған ешкімнің көмегі керек емес. Ол Т әр нәрсеге шамасы жетеді.
70. **الْمُقْتَدِرُ** T *Әл-Мұқтадиру* – Құдіретті. Не істегісі келсе соны істеуге қуаты жетеді. Оның Т істей алмайтын ісі жоқ.
71. **الْمُقَدِّمُ** T *Әл-Мұқаддиму* – Алға шығарушы. Өз пайғамбарларын алға шығарады. Өзіне инабатты құлдарын тура жолға салады. Оларды ұлық дәрежелерге көтереді.
72. **الْمُوَخَّرُ** T *Әл-Муаххиру* – Артқа тартушы. Өз жауларын артта қалдырады. Ол Т Өзі мен кәпірлердің арасына бөгет перде салады.
73. **الْأَوَّلُ** T *Әл-Әуәлу* – Бірінші, Алғашқы. Баршаның алдында. Ол Т мәңгі тұрады. Оның алдында ешбір зат болған емес.
74. **الْآخِرُ** T *Әл-Ахиру* – Соңғы, Ақырғы. Барша мақұлық қиямет күні қайтыс болғанда Аллаһ тағала тірі болады. Оның соңы жоқ. Кім күніне осы көркем есімді 1000 рет зікір етсе Аллаһ тағаланың махаббаты баурап алады, сол адам нәпсіқұмарлықтан арылып, көз жұмғанда имаңмен қайтады.
75. **الظَّاهِرُ** T *Аз-Заһиру* – Анық, Көзге көрініп тұрушы. Ол Т Өзін аяттары (күн, ай, жұлдыз т.б.) арқылы бар екенін анық көрсетіп тұрады.
76. **الْبَاطِنُ** T *Әл-Батину* – Көрінбей тұрушы, Ішкі. Ол Т мақұлықтардың көзіне көрінбейді. Ол Т мақұлықтардың не ойлап, не қоятынын біледі және олар не нәрсеге ұшырайтындарын меңгеріп тұрады.
77. **الْوَالِي** T *Әл-Уали* – Басқарушы, Уәлі. Ол Т әр нәрсенің басқарушысы. Ол Т не бұйрық берсе, сол мезетте бұлжытпай орындалады. Ол Т Өз қалауымен және даналығымен билік жүргізеді. Үкімдерін іске асырады.
78. **الْمُتَعَالِ** T *Әл-Мутаәлу* – Биікке көтерілуші (Самғаушы). Мақұлықтардың сипаттары Оған тән емес. Пайғамбарлардың сипаттарын биік дәрежеге көтереді.
79. **الْبَرُّ** T *Әл-Барру* – Ізгілік істеуші. Ол Т ешуақыт жаманшылық істемейді. Құлдарға ізгілік және қамқорлық етеді.
80. **التَّوَّابُ** T *Әт-Тауәбу* – Тәубені қабылдаушы. Ол Т әрдайым адамдардың шынайы жасаған тәубесін қабыл етеді. Тәубе етушілерге ғафу етіп, оларға рахым-мейірімін төгеді. Кім залымның зұлымдығына қарсы Алланың бұл есімін 10 рет айтса зұлымдығына ұшырамайды.
81. **الْمُنْتَقِمُ** T *Әл-Мунтақиму* - Өш алушы. Ол Т Өзіне мойынсұнбайтын құлдарын істеген амалына қарай азаптайды.
82. **الْعَفُوُّ** T *Әл-Ғафуу* – Аса кешірімді, Ғафу етуші. Адамдар жалбарынып кешірім сұрағанда күнәларын жойып, сауап істерін қалдырады. Бұл есіммен Аллаһ тағалаға

жалбарынып артынан «*Аллаһумма иннәкә гафуун карим, тухиббуль гафуа, фағфу гәннә*» десе оның күнәлары кешіріледі.

83. **الرَّءُوفُ** T *Ар-Раууфу* – Қамқоршы. Аллаһ тағала Өз құлдарына жақсылық пен қамқорлық жасайды.

84. **مَالِكِ الْمَلِكِ** T *Мәликуль Мульк* – Мүліктердің Патшасы. Иелігі өте зор. Байлық қазынаның барлығы, күллі мүлік Оның қолында. Кім осыны көп қайталап жүрсе Аллаһ тағала Өз байлығынан төгіп береді.

85. **ذُو الْجَلَالِ وَ الْإِكْرَامِ** T *Зұл Жәләли уәл Икрам* – Құдірет және құрмет Иесі. Өзінің ұлы сипаттары үшін құрметті және атақты болады.

86. **الْمُقْسِطُ** T *Әл-Муқситу* - Әділ. Шешімдерінде өте Әділ. Әрбір қиянат жасаған мен зиянға ұшырағанды о дүниеде сұрайды және істеген амалдарына қарай жәннат немесе тозаққа жібереді.

87. **الْجَامِعُ** T *Әл-Жәмиғу* – Жинаушы. Қиямет күні «*Махшарда*» бүкіл адамдарды жинайды. Ол біреуін де қалдырмайды.

88. **الْغَنِيُّ** T *Әл-Ғаниу* – Бай. Оған ештеңе керек емес. Барша мақұлық Аллаһ тағаладан қажеттерін сұрайды және Оған тәуелді.

89. **الْمُغْنِي** T *Әл-Муғни* – Байытушы. Өзінің қай құлын байытқысы келсе, шексіз ризық беріп байытады. Осы арқылы сынайды. Байлықтың барлығы Оған қайтарылады.

90. **الْمَاعِ** T *Әл-Мәниғу* – Харам етуші, рұқсат бермеуші. Ол Өз құлдарына кейбір нәрсені харам етеді. Өзінің сүйікті құлдарын залымдардан қорғайды.

91. **الضَّارُّ** T *Ад-Дарру* – Зиян келтіруші. Азап ретінде кейбір құлдарына күнәлары үшін зиян келтіреді.

92. **النَّافِعُ** T *Ән-Нафиғу* – Пайда беруші. Өз жаратқан мақұлықтарына пайда береді. Кейбір құлдарының пайдасын көбейтеді.

93. **النُّورُ** T *Ән-Нуру* – Нұр, Нұр шашушы. Әр түрлі жетіспеушіліктерден пәк. Бұл дүниені Өз нұрымен нұрландырып тұрады. Соқырға нұрды көру үшін көз нұрын, жанар береді. Адақандарды тура жолға салады. Осы керемет есімді қайталап жүрген адам қайғыға салынбайды.

94. **الْهَادِي** T *Әл-Һәди* – Апарушы, Жүргізуші, Ілестіруші. Мустақим жолға салушы. Жүректерді хақты табу үшін бағыттайды. Дінде немесе дүниауи амалда пайда беретін нәрсеге жолықтырады.

95. **الْبَدِيعُ** T *Әл-Бәдиғу* – Жаратушы. Ешбір нұсқа, мысалсыз жаратады. Оның биік сипаттарына ешкім жете алмайды.

96. **الْبَاقِي** T *Әл-Бақи* – Бақи, Мәңгі. Ол Т соңсыз мәңгілік жасайды. Ол Т тірілмейді де, өлмейді. Егер бұл есімді күніне 1000 рет қайталап жүрсе Аллаһ тағала қасіреттен аман сақтайды.

97. **الْوَارِثُ** T *Әл-Уарису* – Мұра Иесі. Барлық мұра Аллаһ тағалада.

98. **الرَّشِيدُ** T *Әр-Рашиду* – Салушы. Ол Т Өз құлдарын пайда беретін жолға салады. Өз даналығымен билік жүргізеді.

99. **الصَّبُورُ** T *Әс-Сабуру* – Сабырлы. Ол Т сабырмен құлдарының күнәларын кешіріп, азабын тездетпейді. Кім осыны меңгеріп 100 рет айтып, Алланы еске алып зікір етсе сол күннің бәле-жаласынан аман жүреді.

# АЛЛАҒ ТАҒАЛАНЫҢ СИПАТТАРЫ

*Аллаһ тағаланың сипаттары тек жалғыз Құдайға тән. Аллаһ тағаланың сипаттары мәңгі, олардың басы да, соңы да жоқ және олар жаратылыс емес. Аллаһ тағаланың сипаттары өзгермейді, ешкімге және ешнәрсеге тәуелді емес, оларға ұқсас нәрсе жоқ және тек Бір Хақ Тағалаға тән. Әрбір мұсылман Аллаһ тағаланың сипаттарын біліп, мән-мағынасын түсінуі керек, өйткені оларды жоққа шығарған адам кәпір болады. Бізді одан Аллаһ тағала сақтасын!*

1. **الْوُجُودُ** Әл-Ужуд (Тіршілік) – Аллаһ тағаланың бар және тірі екендігіне Оның Тмақлұқаттарының, ғаршының, жұлдыздардың, күн мен айдың, тірі жан-жануардың, жәндіктердің, сондай-ақ басқа да тіршіліктің бар болуы дәлел бола алады. Біздің айналамыздағы табиғат тіршілігі тек Жаратушы Аллаһ тағаланың белгілі бір заңдары бойынша іске асады. Дүние тіршілігінде өмір сүретін мақлұқат бір-біріне байланысты және сол байланыстан ажырай алмайды, өйткені жаратылыстың баршасы бір жүйе қалыптастырады.  
Дүниеде екі миллионнан астам жануар, өсімдік және басқа да микроорганизмдердің түрі бар. Олардың әр түрі бір жағынан, белгілі бір үйлесіммен табиғат тіршілігінің жүйесіне (биосфераға) кіреді, оның бір құрмалас бөлшегі болып табылады, екінші жағынан оның өзі жоғары дәрежеде қалыптасқан, жетілген және үйлесімді, өз қызметін орындайтын, дене бітіміне айналған бір жүйе болады екен. Бір сөзбен айтқанда, бар жаратылыс бір логикаға, бір ойға бағынған. Осының баршасы тек Аллаһ тағаланың ісі екеніне көз жеткізу қиын емес. Тек соңғы ғасырда, санамызда қалыптасқан стереотиптерден арылу керек, өйткені олар адамды хақ нәрсені жала деп, ал өтірік, шындыққа жатпайтынды хақ деп тура жолдан тайдыруы мүмкін.
2. **الْقِدْمُ** Әл-Қидам (Бастамасы жоқ) – Аллаһ тағала мәңгі өмір сүреді, Ол Тәрқашан болды және болады. Оның Т бар болуының басы жоқ. Жаратылыстың бәрі белгілі бір уақытта тіршілігін бастады, ал Жаратушының жаратылыстардан айырмашылығы осында, Ол Т Мәңгі, Ол Т белгілі бір мезетте пайда болған жоқ.
3. **الْبَقَاءُ** Әл-Бақа (Мәңгілік) – Аллаһ тағаланың бар мақлұқаты, тек Өзі қаламаса жоқ болады, ал Аллаһ тағала мәңгі. Оның Т бар болуының соңы жоқ. Уақыт та Аллаһ тағаланың жаратылысы, сондықтан Ол Т уақытқа тәуелді емес.
4. **السَّمْعُ** Ас-Сам` (Бар нәрсені есту) – Аллаһ тағала бәрін есітуші және Ол Т естімейтін нәрсе жоқ. Бірақ Оның Т есіту қабілеті мақлұқаттардағыдай емес. Аллаһ тағаланың есіту қабілеті өзгермейді, яғни әлсіремейді және күшеймейді, оның басы да, соңы да жоқ. Аллаһ тағаланың мақлұқаттары дыбыстардың бәрін ести алмайды, олар кейбір алыс және ақырын шыққан дауыстарды естімейді. Қатты шығатын дыбыстар ақырын шығатын дыбыстарды басады, сондықтан олар басылған дыбыстарды естімейді. Аллаһ тағала бұл кемшіліктерден пәк. Ол Т үшін «жақын» немесе «алыс», «ақырын» немесе «қатты» деген ұғым жоқ, Ол Т дауыстың бәрін бірдей естиді және Оның Т естуінен тыс ешнәрсе қалмайды. Есту үшін Аллаһ

- тағалаға мүше керек емес. Кейбір жануар басқадан жақсы естиді және ол Аллаһ тағаланың құдіреті.
5. **البَصْرُ** Әл-Басар (Бәрін көру) – Аллаһ тағала бәрін көреді және Ол Т көрмейтін нәрсе жоқ. Оның Т көру қабілеті мәңгі және өзгеріске ұшырамайды. Көру үшін Аллаһ тағалаға мүше керек емес. Оның Т мақлұқаттары алыс немесе қараңғы жерде тұрған нәрсені көрмейді. Ал көрінетін нәрсенің ішінде тек қарап тұрған затты көреді. Сондай-ақ кейбір жануарлар мүлдем соқыр (мысалы көртышқан, жарқанат), базы біреулер басқалардан артық көреді. Алайда Аллаһ тағала бұл кемшіліктерден пәк. Аллаһ тағала үшін «алыс» немесе «жақын», «жарық» немесе «қараңғы» деген ұғым жоқ.
  6. **الكَلَامُ** Әл-Каләм (Сөйлеу) – Аллаһ тағала сөйлеу қабілетінің иесі. Қасиетті Құран Кәрім және одан бұрын нәзіл болған Кітаптар (Тәурат, Зәбур, Інжіл) және парақтары (сухуфтары) - Аллаһ тағаланың сөзі. Оның Т сөзі әріп және дыбыстан тұрмайды. Аллаһ тағаланың сөзі мәңгі, басы жоқ және жаратылыс емес. Кімде-кім Аллаһ тағаланың сөзі жаратылыс деп айтса, кәпір болады. Абай атамыз айтқандай: *«Алланың Өзі де рас, сөзі де рас»*. Сөйлеу үшін Аллаһ тағалаға мүше керек емес.
  7. **الإِرَادَةُ** Әл-Ирада (Қалау) – Істелініп жатқан барша амалдар Аллаһ тағаланың қалауымен болып жатыр. Оның Т қалауынсыз және кездейсоқ еш амал жасалынбайды. Аллаһ тағала жақсылық пен жамандықты жаратты, бірақ бізге жақсы амал жасауға және жамандықтан тыйылуға бұйырды. Ол Т жақсылықты мақұлдап, жамандықтан тыяды.
  8. **الْقُدْرَةُ** Әл-Қудра (Құдірет) – Аллаһ тағала құдіретті, Оның Т бәріне қуаты жетеді, Ол Т бәрін істей және істете алады, Ол Т істей алмайтын нәрсе жоқ. Бір нәрсені істеу үшін Аллаһ тағалаға қандай да бір құрал немесе мүше керек емес. Мақлұқаттың құдірет-қуаты шектеулі, ал Құдіретті Аллаһ тағаланың қуаты шектеулі емес. Адам бәрін істей алмайды, кейбірін істесе де бір ісі ауыр, бір ісі жеңіл келеді. Адам баласына ми, аяқ-қол өмір сүру, тіршілік ету үшін берілген, сондай-ақ адам амалдарды құралсыз істей алмайды. Аллаһ тағала бұл кемшіліктерден пәк. Оған Т бір түйір тозанды немесе жер шарын жарату бірдей жеңіл. Ол Т не жаратам десе, кірпік қаққандай.
  9. **العِلْمُ** Әл-`илм (Бәрін білу) – Аллаһ тағала бәрін білуші. Ол Т бәрін біледі және Ол Т білмейтін нәрсе жоқ. Аллаһ тағаланың білімінің басы да, соңы да жоқ, ол өзгермейді, қосылмайды да, кемімейді, өйткені Аллаһ тағаланың білімі бәрін қамтиды.
  10. **الْحَيَاةُ** Әл-Хаят (Өмір) – Аллаһ тағала тірі. Бірақ Оның Т өмір-тіршілігі мақлұқаттың өміріне ұқсамайды. Аллаһ тағаланың өмірінің басы да, соңы да жоқ, Аллаһ тағала жасармайды да, қартаймайды. Мақлұқаттар сияқты дене мен нәпсімен өмір сүру Оған Т лайықты емес. Оның Т өмірі ерекше және мақлұқаттардың өміріне ұқсамайды.
  11. **الْوَحْدَانِيَّةُ** Әл-Уахданийя (Жалғыздық) – Хақ тағала жалғыз (Құдай), Оған Т ұқсайтын еш нәрсе жоқ. Ол Т Өздігінде, Өз сипаттарында және амалдарында бір және жалғыз. Оның Т Өзегінде Өзінен басқа ешнәрсе жоқ, бөлшектерден тұрмайды және бөлшектенбейді. Оның Т сипаттары Өзінен басқасына тән емес және басқаның сипаттары Оған Т тән емес. Оның Т жарату ісіне және басқа амалдарына ешкім қосылмайды (көмек немесе кеңес бермейді). «Бір» деген сөз бірлік, бір санының мағынасында емес, өйткені санды бір-біріне қосып-азайтуға болады. «Бір» сөзі Аллаһ тағаланың жалғыз Құдай екендігін білдіртеді. Аллаһ тағала бөлінбейді, бүтін, жалғыз Тәңір және адам ойлау қабілетінен тыс.
  12. **الْقِيَامُ بِنَفْسِهِ** Әл-Қиямуһу би-нафсиһи (Өзіндігінен жеткілікті) – Аллаһ тағала Өз өзіне жеткілікті, яғни ешкімге және ешнәрсеге тәуелді емес, Оған ешкім және ешнәрсе керек емес, Ол Т өзіндігінен бар болушы. Ол Т ауаға, суға, ризыққа,



уақытқа, орынға мұқтаж емес. Ол Т абсолютті тәуелсіз. Аллаһ тағаланың бар болуы белгілі бір факторларға байланысты емес. Мақлұқаттың бәрі Аллаһ тағалаға тәуелді, олардың бар болуы – Оның Т құзыры мен қалауы. Сондай-ақ Аллаһ тағала оларды бір-біріне байланыстырып, біріне-бірін тәуелді етіп жаратты. Егер табиғат құбылыстарына көз салсақ, денелердің бір күйден екінші күйге ауысатынын көреміз. Ал осының бәрі Аллаһ тағалаға тәуелді. Аллаһ тағала шексіз тәуелсіз.

13. **المُخَالَفَةُ لِلْحَوَادِثِ** Әл-Мухалафат лиль хауадис (Еш нәрсеге ұқсамаушылық) – Аллаһ тағала ешкімге және еш нәрсеге ұқсамайды және Оған Т ұқсас еш нәрсе жоқ. Аллаһ тағала ойлау қабілетінен пәк, ұқсатқан нәрсеге ұқсамайды және Аллаһ тағаланы бір нәрсеге ұқсату – күпірлік. Адам Аллаһ тағаланы бейнелей алмайды, өйткені оның санасы шектеулі.

و صَلَّى اللهُ تَعَالَى عَلَى خَيْرِ خَلْقِهِ سَيِّدِ الْأَوْلِيَيْنِ وَ الْأَخْرِيِّينَ نَبِيِّنَا مُحَمَّدٍ  
و عَلَى آلِهِ وَ أَصْحَابِهِ أَجْمَعِينَ بِرَحْمَتِكَ يَا أَرْحَمَ الرَّحِمِينَ  
سُبْحَانَكَ رَبِّكَ رَبِّ الْعِزَّةِ عَمَّا يَصِفُونَ وَ سَلَامٌ عَلَى الْمُرْسَلِينَ  
وَ الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ

*Аллаһ тағалаға гибадат, халыққа шарапат. Қадірлі жамағат! Аллаһ тағаланың осы 99 көркем есімін және сипаттарын жаттап, мағынасын түсініп басқаларға жеткізу парыз. Аяқ асты етпеңіздер, биік жерде ұстаңыздар!*